

«Ақтөбе облысының білім басқармасы Мәртөк ауданының білім бөлімі»
мемлекеттік мекемесінің «Құмсай бастауыш мектебі»
мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорынының өзін-өзі қайта
аттестаттау қорытындысы

Мәртөк
2025-2026 оқу жылы

**«Ақтөбе облысының білім басқармасы Мәртөк ауданының білім бөлімі»
мемлекеттік мекемесінің «Құмсай бастауыш мектебі»
мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорынының өзін-өзі қайта
аттестаттаудан өткізілуі туралы
АНЫҚТАМА**

Мемлекеттік аттестаттау комиссиясының 2025 жылғы 05 маусымдағы №42 хаттамалық шешіміне сәйкес, «Ақтөбе облысының білім басқармасы Мәртөк ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Құмсай бастауыш мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің білім беру қызметі «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығының 1-2 қосымшасының талаптарына толық сәйкес келмеуіне байланысты бірқатар кемшіліктер анықталып аттестатталмаған болатын. Сол кемшіліктер бойынша төмендегідей жасалған жұмыстарды ұсынып отырмыз.

1. **ЖОБ МЖМБС-ның 2-қосымшасының 4-тармағына және ЖОБ УОЖ-ның 2022 жылғы 12 тамыздағы №365 бұйрығының 1-қосымшасына, 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығының 11-қосымшасына сәйкес 2024–2025 оқу жылындағы үлгілік оқу жоспарының талапқа сай жасалмағанын зерделеу**

2024–2025 оқу жылындағы үлгілік оқу жоспарының талапқа сай жасалып сайтқа PDF форматта жүктелді.

2. **2024–2025 оқу жылындағы оқу жұмыс жоспары мен негізгі сабақ кестесінің ЖОБ МЖМБС-ның 2-қосымшасы, 1-тарау, 11-тармақшасына сәйкес келмеуінің себебі мен салдарын зерделеу**

2024–2025 оқу жылындағы оқу жұмыс жоспары мен негізгі сабақ кестесі талапқа сай жасалып толықтай сайтқа PDF форматта жүктелді.

3. **«Өмір қауіпсіздік негіздері», «Жолда жүру ережелері» оқу курстарының талапқа сәйкес орындалмауын зерделеу, орын алу себептерін анықтау**

«Өмір қауіпсіздік негіздері», «Жолда жүру ережелері» оқу курстары талапқа сәйкес сынып сағаттарына, дүниетану пәндеріне қосылды және КТЖ сайтқа PDF форматта жүктелді.

4. **УБДҚ кітап қоры мен 12-қосымшада ұсынылған мәлімет арасында сәйкессіздік анықталды, талапқа сәйкестендіріп, нәтижесін жолдау**

УБДҚ кітап қоры мен 12-қосымшада ұсынылған мәлімет арасында сәйкессіздік жойылып толықтай сайтқа PDF форматта жүктелді

5. Ерекше білім қажет ететін балалардың бары немесе жоқтығы туралы мәліметті толық ұсыну

Ерекше білімді қажет ететін балалардың жоқтығы туралы анықтама толықтай сайтқа PDF форматта жүктелді.

6. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы №125 бұйрығының 13-тармағындағы: «Оқу пәндерінің күрделілік деңгейін ескере отырып, бір күнде үштен артық ТЖБ өткізуге болмайды», «ТЖБ тоқсан аяқталатын соңғы күні өткізілмейді» талаптарын сақтау және педагогтар арасында түсінік жұмыстарын жүргізу, себебін анықтау, нәтижесін талапқа сәйкес жолдау

«Оқу пәндерінің күрделілік деңгейін ескере отырып, бір күнде үштен артық ТЖБ өткізуге болмайды», «ТЖБ тоқсан аяқталатын соңғы күні өткізілмейді» талаптарын сақталып қателіктер түзетілді

7. Құжаттарды жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, тандау курстары мен факультативтердің үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 03 сәуірдегі №115 бұйрығы талаптарына сәйкес күнтізбелік-тақырыптық жоспарлауды, сондай-ақ «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы №125 бұйрығының талабына сәйкес жүргізу

Тандау курстары мен факультативтердің үлгілік оқу бағдарламалары талаптарға сай бекітіліп жүргізілуде және қателіктер түзетілді

Құмсай бастауыш мектебі» КММ
меңгерушісі м.а :



А.Ж.Жалгасбаева